


Бекітемін: 
Мектеп директоры: Д.М.Елгондина.
« 31 » 08 2022 жыл



Келісемін: 
ТЖО: Л.М.Шугенова
« 31 » 08 2022 жыл

«ЖАС ТАРИХШЫЛАР» -үйірмесінің жылдық жұмыс Ж О С П А Р Ы

I-топ (5-6 сыныптар),
II-топ (7-9 сыныптар),
Үйірме жетекшісі: Керей А.М.

2022-2023 оқу жылы

«Мәңгілік Ел» – ұлт идеясы: тарихи таным мен тамыр»

5-9 кластар

Түсінік хат

«Халық өмірі оның келесі ұрпағымен жалғасып отырады. Сондықтан Халықтың Мәңгілігі туралы арманнан асқақ арман жоқ. Мәңгілік Ел – бұл ертеңгі күнге есік ашатын, болашаққа сенімді арттыратын идея, бұл-кері қайтпайтын және берік тұрақтылықтың символы..» Н.Ә.Назарбаев

Бұл бағдарламада 2016 жылғы 26 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» XXIV сессиясында қабылданған «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру, білім беруде оқытудың негізгі мәселелерін қамтиды. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының базалық құндылықтарын меңгеру мен Жаңа Қазақстандық Патриотизмді қабылдауға бағытталған. Тарих - жалпы негізгі білім беретін мектептегі барлық гуманитарлық курстардың өзегін құрайды. Бағдарлама 5-9 сынып оқушыларына арналады.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеялары аясында тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру болып табылады. Мәңгілік ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бағдарлама «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясындағы жеті құндылықты негізге ала отырып құрастырылды.

Бұл құндылықтар - уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі.

Бірінші - Тәуелсіздік және Астана.

Екінші – Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Үшінші – Зайырлы мемлекет және жоғары руханият.

Төртінші – Инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім.

Бесінші– Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Алтыншы – Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

Жетінші – Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Сонымен қатар бұл бағдарламада жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беруде басты үлесті педагог-практиктер қосатынын айтып кетуге болады. Олардың ішінде тарихшылар басты роль атқарады. Бүгінгі таңдағы қолымыздағы Білім министрілігінің оқу – жоспар стандарты барлық оқу орындарының басшылыққа алар басты құралы. Бірақ оқулық авторларының көзқарасы оқу – жоспар стандартымен үнемі сай келе бермейді. Сол себепті де жаңа буын оқулықтары жылдан жылға басылып шығарылуда. Оқушылардың тарих пәні бойынша қосымша материалдарды мұғалімнен естуі - өздері тандаған пәнге деген қызығушылықтарын арттырады, оқушыны білімге, ғылымға бастар жол болуы тиісті. Қосымша материалдарды мейлінше мол және орнымен пайдалану–мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуін көрсететін көрсеткіш.

**«МӘНГІЛІК ЕЛ – ҰЛТ ИДЕЯСЫ: ТАРИХИ ТАНЫМ МЕН ТАМЫР» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ
5-6 СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ**

| № | Тақырып атауы | Сағат саны | Мерзімі | Қолданылған әдебиеттер |
|----|---|------------|---------|---|
| 1 | «МӘНГІЛІК ЕЛ – ҰЛТ ИДЕЯСЫ: ТАРИХИ ТАНЫМ МЕН ТАМЫР» курсына кіріспе. «Жас тарихшылар үйірмесінің мақсат-міндеттерімен таныстыру. | 1 | 02.09 | Дәріс, тәжірибе |
| | I бөлім «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ МЕН ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ | | | |
| 2 | Қазақстан-Еуразия кіндігі: «Ұлы Дала елі әлемдік өркениеттің бесігіндей». | 2 | 02.09 | Дәріс, слайд, эссе, интерн материалы, видео |
| 3 | «Мәңгілік Ел» Бағдарламасымен танысу | 2 | 05.09 | Дәріс, слайд, эссе, интерн материалы, видео |
| 4 | «Мәңгілік Ел» идеясы және көне тарих | 2 | 09.09 | Дәріс, слайд, эссе, интерн материалы, видео |
| 5 | Тарихшылардың еңбектеріндегі көне дәуір және орта ғасыр. | 2 | 12.09 | Түрлі материалдар |
| 6 | Ұлы Даланың ежелгі тарихының этномәдени үдерістері | 2 | 16.09 | Ж.Бейсенбайұлы ҰДның еж. тарихының этномәдени төрк-рі |
| 7 | Тас дәуірінің жиһанкездері, найзагерлер мен садақшылар дәуірі (Палеолит, мезолит, неолит кезеңдері) | 2 | 19.09 | Ж.Бейсенбайұлы ҰДның еж. тарихының этномәдени төрк-рі |
| 8 | Қазақ даласы-қой түлігі мен жылқы өсіру өркениетінің тал бесігі. | 2 | 23.09 | Ж.Бейсенбайұлы ҰДның еж. тарихының этномәдени төрк-рі |
| 9 | Ұлы Даланың ежелгі шопандары мәдени-тарихи қауымдастығы. | 2 | 26.09 | Ж.Бейсенбайұлы ҰДның еж. тарихының этномәдени төрк-рі |
| 10 | Әлемдегі алғашқы жылқышылар. Ботай мәдениеті. | 2 | 30.09 | Энциклопедия, инт. материалдары |
| 11 | Көнешұңқыр мен Ботай мәдениетіне сабақтас этномәдени дәстүрлер | 2 | 03.10. | Ж.Бейсенбайұлы ҰДның еж. тарихының этномәдени төрк-рі |
| 12 | Арғытүріктер мен арийлердің ортақ тарихи-мәдени кеңістігі. Астана-арийлер мекені. | 2 | 04.10. | Энциклопедия, инт. материалдары |
| 13 | Арқайым мен Андрон мәдениеттеріне тән автохтондық сипаттар. | 2 | 10.10. | Энциклопедия, инт. материалдары |
| 14 | «Авестаның» этномәдени Отаны-Ұлы Дала. | 2 | 14.10. | Энциклопедия, инт. материалдары |
| 15 | Жазба деректердегі жылқылы жұрттар мен салт аттылар кімдер, олар қай тілде сөйледі? | 2 | 17.10. | Энциклопедия, инт. материалдары |
| 16 | Ұлы Далалық Бегазы-Дәндібай мәдениеті феномені. | 2 | 21.10. | Ж.Бейсенбайұлы ҰДның еж. тарихының этномәдени төрк-рі |
| 17 | Сақ пен түр – этномәдени әлемі ортақ бір халықтың екі түрлі атауы. | 2 | 24.10 | Қаз. тарихы әдістемелік |
| 18 | Орталық Азияны қаусырған ортақ этномәдени өріс. Ұлы Дала руханияты. | 2 | 28.10. | Ж.Бейсенбайұлы ҰДның еж. тарихының этномәдени төрк-рі |
| 19 | Киіз үй – көшпелілер баспанасы. | 2 | 31.10. | Ғылыми жоба матерр |
| 20 | Тамыры терең төл мұра-кимешек пен сәукеле. | 2 | 07.11 | Ғылыми жоба матерр |
| 21 | Ұлы Жібек жолының түркі әлеміндегі орыны. ҰЖЖ туралы 10 | | | Ғылыми жоба матерр |

| | | | | |
|----|--|---|--------|--|
| | мәлімет. | 2 | 14.11. | |
| 22 | Наурыз мерекесінің пайда болуы жайында аңыз. | 2 | 18.11. | Ұлы Дала Елі матерр, Қазақ салт-дәстүр-рі. |
| 23 | Төрт түліктің символы | 2 | 21.11. | Ұлы Дала Елі матерр, Қазақ салт-дәстүр-рі. |
| 24 | Атқа міну мәдениеті: Ат әбзелдері | 2 | 25.11. | Ұлы Дала Елі матерр, Қазақ салт-дәстүр-рі. |
| 25 | «Ұлы дала» өркениеті. Сұхбат, пікірсайыс өткізу, эссе материалдары) | 2 | 28.11. | Оқушы шығармашылығы |
| | II бөлім | | | |
| | «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ МЕН ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ | | | |
| 26 | Түркі Елі тарихы «12 тайпа түркі елі» | 2 | 02.12. | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 27 | Арғы атам ер түрік, Біз Қазақ еліміз: Рухани тамырлар.Тарихи зерделілік. | 2 | 05.12. | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 28 | Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының іргетасының қалануы | 2 | 09.12. | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 29 | Қ.А.Яссауи хикметтерінің тәрбиелік маңызы мен мәні. | 2 | 12.12. | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 30 | Қазақ халқының тазалық мәдениеті мен тазалық дағдысы жайында. | 2 | 19.12. | Ә.Ысқақ.Қазақтың тазалық мәдениеті |
| 31 | Ұлт және Отбасы тазалығы | 2 | 23.12. | Ә.Ысқақ.Қазақтың тазалық мәдениеті |
| 32 | Тән мен қан тазалығы | 2 | 26.12. | Ә.Ысқақ.Қазақтың тазалық мәдениеті |
| 33 | Бесік-алтын қазына.Бесік жыры. | 2 | 30.12. | Ә.Ысқақ.Қазақтың тазалық мәдениеті |
| 34 | Әлеуметтік- мәдени салт-дәстүрлер | 2 | 06.01. | Ұлы Дала Елі матерры, Қазақ салт-дәстүрлері. |
| 35 | Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер | 2 | 09.01. | Ұлы Дала Елі матерр, Қазақ салт-дәстүр-рі. |
| 36 | Діни сенім және рухани тазалық. Діни жоралғылар. | 2 | 13.01. | Ә.Ысқақ.Қазақтың тазалық мәдениеті |
| 37 | XXI ғасыр- көшбасшысы. | 2 | 16.01. | Оқушы шығармашылығы |
| | III бөлім | | | |
| | ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ІРГЕТАСЫНЫҢ ҚАЛАНУЫ | | | |
| 38 | Шыңғыс хан құрған империя | 2 | 16.01. | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 39 | Қазақ халқының қалыптасуы. Ұлт пен жұрт, ел мен жер тағдыры | 2 | 20.01. | Интернет матерры,БАҚ құралдары, тарихи шығ. |
| 40 | Қазақ хандығы. Қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайы. | 2 | 23.01. | Интернет матерры,БАҚ құралдары, тарихи шығ. |
| 41 | Зиялы қауымның ерен еңбегі (Ардақты Алаш арыстары): Бес арыс пен Жанша-Халел Досмұхаметовтер. | 2 | 27.01. | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 42 | Кеңестік- тоталитарлық жүйе жағдайындағы Қазақстан | 2 | 30.01. | Интернет матерры,БАҚ құралдары, |

| | | | | |
|----|--|---|--------|---|
| | | | | тарихи шығ. |
| 43 | Тәуелсіз Қазақстанның демократия жолына қадамы | 2 | 03.02. | Интернет матер-ры, БАҚ құралдары, тарихи шығ. |
| 44 | Ұлы тұлғаларды тану (Ізденіс пен еңбек тарихи- танымдық интеллектуалдық ойын) | 1 | 03.02 | Шығармашылық жұмыстар |
| | ІҮ бөлім МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ – БАСТЫ ЖЕТІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ | | | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 45 | Қазақстанның Мемлекеттік Тәуелсіздігін жариялауы. Астана тарихы. «Бәйтерек» монументі | 2 | 06.02 | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 46 | Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. «Халықтар Ассамблеясы» қызметі | 2 | 10.02 | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 47 | Зайырлы қоғам және жоғары руханият | 2 | 13.02 | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 48 | Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім. | 2 | 17.02 | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 49 | Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы | 2 | 20.02 | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 50 | Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. | 2 | 24.02. | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 51 | Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. | 2 | 27.02 | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 52 | «Мәңгілік Ел» ұлт идеясы-дөңгелек үстел. | 1 | 27.02 | Интернет матер-ры, БАҚ |
| | Ү бөлім «МӘНГІЛІК ЕЛ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚСТАН - 2050» СТРАТЕГИЯСЫ | | | |
| 53 | Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев | 2 | 03.03. | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 54 | Елбасының Қазақ еліне арналған Жолдаулары (таныстырылым) | 2 | 06.03. | Интернет матер-ры, БАҚ |
| 55 | Конституция(Ата Заң) -демократия негізі | 2 | 10.03 | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |
| 56 | XXI ғасырдағы Қазақстандағы дін | 2 | 13.03 | Интернет матер-ры, БАҚ |
| 57 | «Қазақстан жолы - 2050» - инновациялық ойлауы | 2 | 17.03. | Интернет материалдары |
| 58 | XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры | 2 | 24.03 | Интернет матер-ры, БАҚ |
| 59 | «Мәңгілік Ел» – бүгінгі мен болашағы | 2 | 27.03 | Интернет матер-ры, БАҚ |
| 60 | Ұлт келешегі мемлекет тілінде | 2 | 31.03. | Интернет матер-ры, БАҚ |
| 61 | ЭКСПО дүниежүзілік көрмесі және Қазақстан | 2 | 03.04 | Балаларға базарлық. Энци: Не?Қайда?Қашан? |

| | | | | |
|----|---|---|-------|---------------------------|
| 62 | Жаһандану және ұлттағдыры | 2 | 07.04 | Интернет матер-ры, БАҚ |
| 63 | XXI ғасыр - азаттық пен еркін ой ғасыры | 2 | 10.04 | Оқушы шығармашылығы |
| | ҮІ бөлім «Ел шежіресі-жер шежіресі» | 1 | | |
| 64 | «Туған жер-алтын бесігім» Өлке тарихы туралы деректер | 2 | 14.04 | Дәріс, тәжірибе |
| 65 | «Жер-су аттарына шолу»-топонимикалық ерекшеліктері | 2 | 17.04 | Қайыңды мекені т-хы |
| 66 | Қыстақ, жер атаулары, ескі қорымдар | 1 | 21.04 | Ойыл, Қайыңды энц-сы |
| 67 | «Тарихынды таны-тұлғанды құрметте» -өлкеміздің тарихи тұлғалары (батырлар, қоғам қайраткерлері) | 2 | 24.04 | Жергілікті аңыз-әңгімелер |
| 68 | Шежірелер сыр шерткенде. Әулет шежіресінің маңызын білу. | 2 | 28.04 | Жеті ата тарихы |
| 69 | Туған жер табиғаты (деректер жинау, буклет шығару) | 2 | 05.05 | Ойыл, Қайыңды энц-сы |
| 70 | «Көсембай» атауының шығу тарихы | 1 | 12.05 | Батыр бабалар тарихы |
| 71 | Ойыл ауданы туралы мағлұматтар | 2 | 12.05 | Шежірелер сыр шерт. |
| 72 | Ақтөбе облысының тарихына шолу. | 1 | 19.05 | Интернет матер-ры, БАҚ |
| | ҮІІ бөлім ҚОРЫТЫНДЫ 1 сағат | | | |
| 73 | Әлемнің жеті кереметі | 2 | 19.05 | Оқушы шығармашылығы |
| 74 | Қазақтың жеті кереметі | 2 | 22.05 | Оқушы шығармашылығы |
| 75 | Еркін тақырып (жоба дайындап қорғау) | 1 | 22.05 | Оқушы шығармашылығы |